



Қонарбай
Қалдыоразұлы


Зайлағи Есенов

ДОССОР МҰНАЙЫНА – 100 ЖЫЛ



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ







16.03.2012 me.
"Jaiga" anou manepga.

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Қонарбай Қалдыоразұлы

ЗАЙЛАҒИ ЕСЕНОВ



Алматы 2011

УДК 622.32

ББК 33.36

Қ 24

Қ 24

Қалдыоразұлы Қонарбай

Зайлағи Есенов – Алматы. 2011. 220 б.

ISBN 9965-816-42-5

Бұл кітап мұнай өнеркәсібін өркендетуге өзіндік үлесін қосып, өмірлік бай тәжірибесін арнап, сол салада тағылымды тәрбиесімен жарқырай көрінген абзал азамат, өнегелі өндіріс басшысы – Зайлағи Есенов жайында жазылған шығарма. Кітап арқылы автор мұнай өнеркәсібінің қайнары – Жылыой жерінің байлығын, Жылыой елінің жасампаздығын, Есеновтей ерлерінің ерен еңбегін ерекше бір сүйіспеншілікпен көрсетуге ұмтылған.

Бұл кітап тағдыр тәлкегіне ұшыраса да қиындықты қаймықпай жеңген отбасының өнегелі өмірін, қиын да қысталаң кездегі тірлігін тілге тиек етеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған, туындының тілі жатық, тағылымы мол.

УДК 622.32

ББК 33.36

ISBN 9965-816-42-5

© ОФ «Мұнайшы», 2011

Азамат тұлғасы (Алғысөз орнына)

*Махаббат өртеп өзегін,
Сүйеді жұртын кім-кімде.
Апырай бірақ өз елін,
Өзіңдей сүйе мүмкін бе?!*

Қадыр Мырза-Әли

Тереңнен толғай тартып қарасак, адамзат баласының кешегі, бүгінгі, ертеңгі қоғамның дамуына, заңғар заманалардың жетілуіне қосқан, қосар үлесі қомақты. Адам еңбегімен, ісімен, ақылымен жер-ана, көк аспан – ғарыш әлемі игерілді. Алғашқы адамдар қауымдастығынан бастап бүгінгі жиырма бірінші ғасырға дейінгі адамзат дамуында қаншама қоғамдық формациялар, адамдар өтті десенші. Ал солардың бәрін жасаушы, қозғаушы, ілгері жеткізер күш – адам боп есептелері ақиқат.

Рас, адамның әртүрлі боп жаратылары тағы бар. Бірі күрескер, екіншісі еңбекқор. Үшіншісі үлгі-өнеге иесі т.т. Жалпы, жақсылық қасиеттерді жинақтап, топтастырғанда азамат тұлғасы қалыптасады. Азамат тұлғасын қалыптастырғанда алдымен адамның ақыл-парасаты, еңбекқорлығы, махаббаты, елге, жерге деген сүйіспеншілігі, ұрпақты ұлағатқа тәрбиелеуі, адамдармен өзара қарым-қатынасы, өмірге деген жаңашыл көзқарасы, тірліктің ащы-тұщы дәмін қабылдауы, білік-білімі, үлгі-үрдісі, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, халықтық өнерді бағалауы барынша ескеріледі. Егер осы қасиеттердің бәрі сен сомдап отырған азамат бойынан табылар болса, ол нағыз тұлға, нағыз азамат болғаны. Ал осындай өнегелі азаматтар өмірде аз ба? Әрине, аз емес. Әр аймақ-

тан, әр өңірден, әр ауылдан табылады ондай өмірін өнеге тұтар үлгілі азаматтар. Жә, ондай өнеге тұтар азаматтар біздің Жылыой жерінде де аз болмаған. Олардың ізгілікті ісін, ерен еңбегін жалғастырушылар бүгін де бар, ертең де табылады. Сөйтіп, жақсының ісі жалғаса береді, алға аса береді. Жылыой елі мен жері үшін үлгілі еңбегімен, абзал азаматтығымен, ізгі ісімен, білікті басқарушылығымен үлкен үлес қосқан, өзі басқарған саланы жан-жақты жетік меңгерген, байыпты басшы, ақ-желең азаматтың бірі де бірегейі Зайлағи Қабдырақманұлы Есенов еді.

Есенов Зайлағи Қабдырақманұлымен жұмыс бабында талай кездесіп тұрдық. Толқынды бұйра шашы оның ойлы келген келбетіне өзіндік өң, өзіндік рең беріп тұратын. Бір көрген адамға Есеновтің жүзі сұсты, келбеті қатал көрінетін. Көп адамдар онымен бетпе-бет жүздесіп, әңгімелесуге, сөйлесуге де батпайтын. Алайда, сырттай сұсты көрінген адамның ішкі дүниесіне көңіл бөліп, ой жіберсең өзгеше әлемге тап боларың хақ.

Есенов Зайлағи! Бұл есім кезінде Жылыой жерінде, Жылыой елінде барынша дүркіреп, атағы барша аудан жұртшылығын, облыс басшылығын тәнті етті. Әрине, жақсы жағынан деп түсінген жөн. Соның ішінде ұжымды табысқа бастаудағы ұтымды басшылығынан, адамдарға қамқорлығынан және басқа жақсы қасиеттерімен өзгеге үлгі бола білді. Содан да онымен сырласып, сөйлесе білген адам оның ақ көңіл, ақ жарқын, ақ пейіл, ақ ниетті, нағыз ақ көйлек абзал азамат екенін аңғаратын. Ол басқарған ұжымдарда оны үлкен де, кіші де сыйлады, құрмет тұтты, ардақтай білді. Әрине, басшы деп «қорыққаннан» емес, ақылман аға, ізетті іні, қадірлі қатар, қамқор азамат, жанашыр жақынындай сыйлады, сыйласты.

Ендеше, елі сүйген Есеновтің басты ерекшелігі – білімпаз білімділігі, біртуар азаматтығы, өз ісін жетік білетін білгірлігі, біліктілігі. Жалпы жастарды, мамандарды білімді, білікті болуға бастау адамдар арасында өзара сыйластық, жан-жақты жақсы қарым-қатынас қалыптастыру оның басты қағидаларының бірі.

Ол өнегелі ортада өніп, өсті, білімді ортадан тағылымды тәрбие алды. Әкесін «халық жауы» деп 1937 жылы Кеңес үкіметі ұстап кетіп, азап лагерінде ажал құштырғаны аян. Оны Зәкең де жасырмайды, өз ғұмырнамасында айқын жазып көрсеткен. Тағдыр тауқыметі, өмір қиындығы оған көптеген кедергілер келтірді. Бірақ жігерлі жігіт жасымады, қайта қиындық арқылы ширай түсті.

Жылжып өткен жылдармен Зайлағи да жетіліп, ой-өрісі кеңейіп, ақыл-парасаты арта түскені мәлім. Оған бірінші себеп – оның білімге құштарлығы, жаңалықты меңгеруге құштарлығы еді.

Зайлағи Есенов Қызылқоға өңірінің Қарабау елді мекенінде ауыл молдасының отбасында дүниеге келгені мәлім. Бірақ балалығы Орал облысының Тайпақ ауданында өтеді. Оған себеп, тағы да сол «халық жауының» ұрпағы болуы еді. Содан отбасының бір жерде тұрақтап өмір сүруіне, тірлік етуіне мүмкіндік бола бермейді. Ақыры, Зайлағи Қабдырақманұлы 1934 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Кулагин елді мекеніндегі Жамбыл орта мектебінде бірінші сынып есігін ашады.

Ол 1973 жылы өз өмірбаянында жазғанындай өткен өмірін былай деп еске алады. «Бес жасымнан бастап қазіргі Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер жездем Көптілеуов Есмұқаш қарамағында тәрбиелендім...»

Иә, ол Есмұқаш ағадай асыл азаматтан жақсылыққа бейімделеді, ізгілікке жетер жолды үйренеді, адамдық пен адалдықтың, азаматтықтың алғашқы тарауларын зердесіне түйіп, ойына тоқиды. 1944 жылы орта мектепті тәмәмдаған Зайлағи Қабдырақманұлы Гурьев мұнай техникуміне түсіп, 1948 жылы бітіреді. Мұнайшы-техник мамандығын алып шыққан З. Есенов еңбек жолын «Қазақстанмұнай» бірлестігі Қосшағыл мұнай кәсіпшілігіндегі бұрғылау цехында жұмыс жасаудан бастады.

Кәдімгі қыр қазақтарындай Зайлағи Есенов те шешен сөйлейтін, адам жанын түсіне білетін, әзіл-қалжыңы қашан да әзір тұратын ерекше бір азамат көрінетін.

Ол дос-жолдастарына қайырымды, жас ұрпаққа, жалпы жастарға мейірімді көрінетін. Көрікті де көркем, шырайлы да шыншыл, адал да абыройлы, ардақты да аяулы азаматтығымен көп көңілінде қалғаны аян.

Сондай-ақ, ол көп жылдар бойы басшылық жұмыстарда боп, ірі мекемелерді басқарды. Осы кезеңдерінде ол өзінің өнегелі өмірін және ұлағатты ұстанымын жұмысшыларға деген қамқорлық пен көмектесу бағытында берік ұстанды. Оған жас та, үлкен де келіп ақылдасатын, өзара сырласатын. Бүгінде ол басқарған Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясы, ұңғыларды күрделі жөндеу және қабат қайтарымын қалыпты ұстау басқармасының қазіргі көзі тірі жұмысшыларының кез келгенімен әңгімелесіп, сұрай қалсаң қай-қайсы да Зәкеңнің азамат-

тығын, адамгершілігін, адалдығын ақ ниетімен, ақ пейілімен әңгімелей жөнелері ақиқат.

Ол өз білімін одан әрі толықтыра түсу үшін Мәскеудің академик И.М. Губкин атындағы мұнай институтында оқыды. Институтты бітірісімен ол еңбек жолын «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Байшонас мұнай басқармасында бұрғылау саласының аға инженері болып жалғастырады.

Ол жұмыс бабында бірден-бірге биіктеп өсе береді. Әуелі қатардағы бұрғылау цехтарында қатардағы инженерліктен басталған оның өмір және еңбек жолы құрамында 1500-2000-дай жұмысшы-қызметкерлері бар үлкен еңбек ұжымын басқарумен жалғасады.

Ол қайда еңбек етпесін, қандай ұжымды басқармасын берекелі істің бастаушысы бола білді. Ол басқарған жылдарда Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясы да, ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасы да аудандағы табысты, әрдайым жарыс жеңімпазы атанған ұжым қатарынан көрінді.

Есенов Зайлағи Қабдырақманұлы еңбек еткен жылдарында өзі жетекшілік еткен өндірістік мекемелерде мемлекеттік тапсырмаларды тиянақты орындаумен қатар көпшілік-қоғамдық істерді де белсенділікпен, үлкен беделмен атқарып, абырой арқалаған азаматтардың санатынан. Ол Ембі (бүгінгі Жылыой) аудандық партия комитетінің мүшесі, Құлсары кенттік Кеңесінің депутаты болып әлденеше рет сайланады.

Егер бірдің отына мың адам жылынады деген қағиданы ескерсек, Зәкеңдей елі сүйген, елін сүйген ерекше азаматтың жаққан отына, тартқан жылуына бір ғана мың емес, әлденеше мыңдаған адамдар жылынып, жан рақатына бөленгені ақиқат.

Міне, осы бір ойы терең, зейін-зердесі мол, парасат-пайымы жоғары, өнегелі өндіріс жетекшісі, абзал азамат, адал жанды адам атана білген Есенов Зайлағи жан сыңары Зайда Қазмұқашқызы Ыбырашева екеуі өмірге Гүлнәздай қыз, Ерназ есімді ұлды әкеліп, өсіп өнгенін көріп, көңілдері қуанып, жандары жұбанып еді. Амал не...

Міне, сол Зайлағи Қабдырақманұлы 1981 жылы 54 жасында жарық дүниемен қош айтысып мәңгілік бақи дүниеге аттанады. Оның денесі Басшы қорымында жерленеді. Содан бері 30 жыл артта қалды. Осы кезеңде ол өзі білім алып, ұжымдарында еңбек еткен алып держава атанған Кеңес Одағы ыдырап, келмеске кетті. Егемендікке ие болған Республикалар дербестігін жариялап, нарықтық экономиканың қыспа-

ғына тап болғаны аян. Егер Зәкеңдер тірі болса бұл қиындықтардан шығудың жолын сілтеп, аудан әкімдеріне ақылын айтып, жөнге салар ма еді деп те ойлайсың кейде. Ондай өндірісті жетік білетін және жақсылық үшін, ел игілігі үшін, жастардың болашағы үшін жаны ашитын байыпты басшыны, адамгершілігі мен азаматтығы жоғары, адал да ақберен адамды табу қиынның қиыны екені тағы белгілі. Шіркін, біздің Зәкеңдер арды ойлаған деп көңіліңе ой түйесің. «Жақсылар жақсылығын айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген, Зәкеңдер жақсылығын айта алмай, арманда кеткен азамат. Десек те оның өзі айтпаған жақсылығын бүгінде жолдастары, достары, ізбасарлары, ағайын-тумасы айта бастады. Оның куәсі – осы кітаптың жазылуы. Есенов жөнінде кітап жазуды елі мен халқы қалады, ағайын-туысы мен дос жолдастары қолдады. Сондықтан да осы кітапты жазуды Зәкеңнің ағайындары, ұрпақтары маған тапсырғанда мен үлкен ілтипатпен қарсы алдым.

Иә, Зәкең заманында заңғар ойлы, ар-ожданы биік, алғыр да абыройлы болған азамат. Рас, жұмыс бабында талай кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Оның әр деңгейдегі азаматтармен әңгімелесудегі өзін ұстай білетін ұстамдылығын, ұлағаттылығын айрықша айтуымыз керек. Зәкең мақтауға да, мақтануға да тұрарлық, тұрлаулы тұғыры биік, турашыл да тындырымды тұлға. Арада өткен отыз жылда ел – халқы, өзі еңбек еткен Жылыой ауданының жұртшылығы өнегелі өмір иесі, абыройы биік азамат Зайлағи Қабдырақманұлы Есеновтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында атқарған азын-аулақ ісі де бар. Соның бірі оның атына көше беру туралы мәселенің оңды шешілуі. Осы орайда 2001 жылғы 16 ақпандағы Құлсары поселкелік округінің әкімі Ақылбек Қалдыбайұлы Байшақанов қол қойған өкімді келтіре кетелік. *«Жылыой аудандық ономастикалық комиссияның 06.02.2001 жылғы №3 ұйғарымын іске асыру шаралары туралы. Есенов Зайлағи Қабдырақманұлына көше беру жөнінде.*

1. *«Автомобильщик» ықшам ауданындағы №20 мектептен дейінгі үшінші көшеге Есенов Зайлағи көшесі атағы берілсін.*

2. *Ауданның бас сәулетшісі М.Сағымбековке осы өкімді поселкенің бас жоспарына енгізу міндеттелсін.*

3. *Осы өкімді «Кең Жылой» газеті арқылы жария ету аудандық газет редакторы Қ.Оразбаевқа тапсырылсын.*

Құлсары поселкесі округі әкімі

А.Қ. Байшаханов»

Азаматты ардақтау, ұлықтау – ардың ісі қашанда. Ендеше, есімі, ардақталса Зәкеңдей зайырлы да зиялы азаматтың еңбегінің де, есімінің де ескерілгені.

Дегенмен, қазір З. Есенов атындағы көше өзі тұрған №2 мұнайшылар ықшам ауданында орналасқан. Ол Махамбет даңғылынан бастау алып, Қашаған ақын атындағы көшеге дейін созылып жатыр.

Ол жөнінде жазылар кітаптың материалын жинастыруға елеулі үлес қосқан жан жары Зайданың, қызы Гүлнәздің, інісі Сабыр Ғабдолкәрімовтің, жиені Мәлік Көптілеуовтің атына авторлық алғысымды алдын-ала айтсам артықтығы болмас деп есептеймін. Бәріңе шын жүрегімнен ризашылығымды білдіремін. Әрдайым бәріңді де Зайлағи ағаның рухы желеп-жебеп, бойларыңа күш-қуат берсін деп тілеймін.

Автор

Ғұмырбаян

Әрине, кез келген адамның, ғұмырбаянын жазу, оның хронологиялық тәртібін сақтау оңай жұмыс емес. Ол үшін сен ғұмырбаянын жазар кейіпкерінді жан-жақты біліп, терең зерттеуің керек. Десек те, Зайлағи Қабдырақманұлы Есеновтің ғұмырбаянын жазып, көпшілікке ұсыну үшін оның 1973 жылы 3-мамырда өз қолымен жазған өмір дерегіне және 2008 жылы жарыққа шыққан «Жылыой жылнамасы» энциклопедиясы және Қазақстанның мұнай энциклопедиясындағы мағлұматтарға сүйене отырып қағазға түсіруді жөн көрдік.

Есенов Зайлағи Қабдырақманұлы 1927 жылғы тамыз айының 2-жұлдызында Гурьев облысы, Қызылқоға ауданының Қарабау елді мекенінде колхозшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Есенов Қабдырақман Қазан төңкерісіне дейін молда болған, мал шаруашылығымен айналысқан. Төңкерістен кейін, 1931 жылдан бастап Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының мүшесі болып, өңірде ауыл шаруашылығын өркендетуге өзіндік үлесін қосады. Алайда Қабдырақман Есенов молдалығы үшін 1937 жылы тұтқындалған және ауруға ұшырауына байланысты лагерде көз жұмған. Анасы Есенова Тиін 1888 жылы туған, ұрпағының қарамағында қалған.

Есенов Зайлағи Қабдырақманұлы бес жасынан бастап бұл күндері Республикалық деңгейдегі дербес зейнеткер жездесі Көптілеуов Есмұқаш қолында тәрбиеленеді. Ол 1934 жылы Гурьев облысы Есбол ауданындағы Кулагино кентіндегі Жамбыл атындағы орта мектепке барады. Ал 1944 жылы Гурьев мұнай техникуміне түсіп, 1948 жылы бітіріп шығады. Техникумді тәмәмдаған соң 1952 жылдың қыркүйек айына дейін «Қазақстанмұнай» бірлестігінің Қосшағыл мұнай кәсіп-

шілігінде бұрғылау цехында еңбек етеді. Ол өзінің еңбек жолын бұрғышының көмекшісі болып бастайды. 1950-1952 жылдарда бұрғылау цехының бастығы болады. 1950 жылдың маусым-желтоқсан айларында Мәскеудегі мұнай өнеркәсібі министрлігі инженер-техник қызметкерлерін даярлап жетілдірудің 6 айлық курсы бітіреді. Ал 1954 жылы Мәскеудің Еңбек Қызыл Ту орденді академик И.М. Губкин атындағы мұнай институтын тәмәмдайды. Институтты бітірісімен 1955 жылдың шілде айына дейін «Қазақстанмұнай» бірлестігі Байшонас мұнай кәсіпшілігінің бұрғылау цехында аға инженер болып істейді. Ол 1955 жылдың шілде айынан 1957 жылдың тамыз айы аралығында «Казнефтеразведка» тресінің Құлсары бұрғылау кеңсесінің Көшкімбет, Ағнияз, Тәжіғали терен бұрғылау учаскесінде аға инженер жұмысын атқарады.

Ал 1959 жылдың қыркүйек айынан 1972 жылдың қараша айына дейін Қазақ КСР Геология министрлігінің Құлсары бұрғылау кеңсесінде, кейін Құлсары мұнай-барлау экспедициясы атанған геологиялық басқармада жұмыс істеген. Соның ішінде 1959-1962 жылдарда аға инженер, өндірістік-техникалық бөлім бастығы, ал 1962-1967 жылдарда экспедицияның бас инженері, 1967-1970 жылдарда экспедиция бастығы, 1970-1972 жылдарда мұнай-барлау бастығы қызметтерін атқарады. Ал 1972 жылдың 1-тамызынан қараша айы аралығында Құлсары мұнай барлау экспедициясының бастығы болып істеді. 1972 жылдың қараша айынан 1973 жылдың сәуір айы аралығында «Казнефтеразведка» басқармасының қайта ұйымдастырылған Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясының технологиялық бөлімінің бастығы болып істейді. Ал 1973 жылдың сәуір айынан бастап «Ембімұнай» бірлестігінің ұңғыларды күрделі жөндеу кеңсесінде директор болып тағайындалады.

Оның еселі еңбегі еленіп, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Ерлік еңбегі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» және басқа медальдардың иегері. «Мұнай өнеркәсібінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Ол 1962 жылдың наурыз айынан Кеңес Одағы коммунистік партиясына мүшелікке қабылданған. Бірде-бір рет партиялық жаза алмаған. Біраз жыл Ембі (бүгінгі Жылыой) аудандық партия комитетінің мүшесі және Құлсары кенттік Кеңесінің депутаты болып сайланады.

Зайлағи Есенов 1973 жылдың 3-мамырында толтырған өмірбаян парақшасында: «Қарамағымда анам, әйелім және екі балам бар», – деп жазады.

З.Қ. Есенов 1981 жылы 54 жасында Құлсары қаласында бұл дүниеге қоштасты. Бүгінде оның отбасы Атырау қаласында тұрады. Зәкеңнің анасы мен ер баласы өмірден өткен. Жан жары Зайда жасы 80-ге тақау, қызы Гүлнәздың тәрбиесінде.

Әр әулеттің шежіре, тарихы арқылы бер жағы бір әулеттің, ар жағы бір рудың шежіресі қалыптасады. Ел ішінде осындай ізгі істермен айналысып жүрген адамдар аз емес. Солардың қатарында үлгілі істерімен көпшілікке өнеге болып жүрген абзал азаматтардың бірі – бұрынғы педагог, ұлағатты ұстаз, бүгінгі зейнеткер Сабыр Ғабдолкәрімов. Ол менің кітабымның кейіпкері Зайлағи Қабдырақманұлы Есеновтің немере інісі. Сабыр Ғабдолкәрімов 1936 жылы Қызылқоға ауданының Қаракөл ауылында өмірге келген.

1957 жылы Алматы шет тілдері институтын тәмәмдаған Сабырдың еңбек жолы Жылыой ауданы мектептерінде мұғалім болудан басталды. Кейін оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры лауазымды жұмыстарын абыроймен атқарып үлкен беделге ие болды. Оқу-тәрбие жұмысындағы жетістігі тәжірибе болып таратылды. Кейін біраз жыл «Теңізшевройл» біріккен кәсіпорнында аудармашылық қызмет атқарған Сәкең шетелдіктер арасында да беделі биік азамат атана білген ардақты ағалардың бірі.

Еңбек еткен жылдарында Сабыр Ғабдолкәрімов көпшілік-қоғамдық жұмыстарды да белсенді атқара білген азамат. Соның ішінде біраз жыл кенттік Кеңестің депутаты ретінде сайлаушылар жүктеген аманаттарды да абыроймен атқарып, үлкен істер тындыра білген бірегей жан. ҚР білім беру ісінің үздігі Сабыр Ғабдолкәрімов зейнет демалысына шыққалы көркем әңгіме, шырайлы шығарма жазумен айналысып жүрген қарымды қаламгер. Соңғы жылдардың өзінде еліміздің әртүрлі баспаларынан екі-үш кітабы жарық көріп, оқырмандар қолына тиді. Оның әр шығармасында өмір шындығы, тағдыр тартысы тиянақты баяндалады. Сонымен бірге ол руының шежіре-тарихын, батырлары мен белгілі адамдарының өмір деректерін жинастырып жүретін азаматтардың бірі. Соның айқын айғағы осы кітапқа енгізіліп отырған «Қасиетті Қарабаудан», қасиетті «Кең Жылыойға дейін» атты эссесі. Онда Сәкең өз ата тегінің, ағасы Зайлағидың ата-бабаларының шежіре тарихын шебер шерте біледі. Сабыр сынды сындарлы азаматтың мына бір эссесінде

шертілген сырлардан бүгінгі және келер ұрпақ ұлағатты ой түйіп, үлгі-өнеге алады деп үлкен сеніммен айта аламыз.

ҚАСІРЕТТІ ҚАРАБАУДАН, ҚАСИЕТТІ КЕҢ ЖЫЛЫОЙҒА ДЕЙІН

Қолыңызда ұстап отырған кітаптың негізгі кейіпкері Есенов Зайлағи Қабдырақманұлының ата-тегі, әулеті туралы сөзімізді ата қонысы Қарабаудан бастағалы отырмын. Әлбетте «қасірет» сөзі Қарабауға емес, қарабаулықтардың басына төнген қайғы бұлтына қаратылып айтылғаны түсінікті болса керек. Ал Қарабау ғасырлар бойы бауырында өсіп-өнген көшпенділердің бірнеше буынына бақ, береке сыйлаған жайлы мекен болыпты. Ойылдың саласы Жарыпшыққан Қарабау өзектерін, жайылымдарын суландырады екен. Сондықтан суы мол, шөбі шүйгін, құйқалы, жынысты, Қарабау маңы көптеген ауылдардың тұрмыс-тіршілігіне таптырмайтын қоныс саналған. Қаратоқай ұрпақтары Тайсойған, Бүйрек, Қарабау, Қаракөл, Сарыкөл, Ойыл, Қиыл, Қайнар, Сағыз өңірін мекендеген. Мұрат ақын бір сөзінде: «Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Дендеріміз, Қарабау мекен еткен жерлеріміз. Жайық пен Қарабаудың тең ортасы, тепсеңге мал жайылған кең жеріміз...» – десе, екінші бір жерде «Біздің ел қайтушы еді Сағыз жайлап, тепсеңге суы шыққан бие байлап...» – деуі содан шығар. Дегенмен Қаратоқайлардың негізгі ту тіккен жері Қарабау. Бірнеше шежіре кітаптың авторы Мәжит Мұқтаров «Қаратоқай 90 жастан асқанда дүние салып, сүйегі Қарабау, – Тайсойған өңіріндегі биік төбеге қойылған. Қазір Қарабала қауымы деп аталады», – дейді. («Қаратоқай шежіресі», Астана. «Күлтегін баспасы, 2003 ж. 10 бет). Ал Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, өлке танушы, тарихшы марқұм Дүйсенғали Төленов «Құлбарак батыр» деген еңбегінде Қаратоқайлардың ата-баба мекені – Тайсойған, Қарабау, Қарабала мешітінің айнала етегі» – деп жазыпты («Атырау» газеті 10.11.1992) Бұл екі автордың пікірі бойынша Қарабау атауы атамыз Қарабала есімімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. 1932 жылғы ел ыдырағанға дейінгі Қаратоқайлардың қыстауы Қарабау, жайлауы Жаңа Орпа. Ол кезде Қарабала мешіт ұстаған молда, беделді адам болыпты, оның есімі Қарабаумен қосақтала аталуы содан. Бұл кезде ескі қорымнан ата-тегінің бейітін іздегендер «Қарабала мешітінің маңы» дегенді басшылыққа алады. Мұрат Мөңке ұлының туған жеріне

орнатылған ескерткіш те осында, Қарабала мешітінің орнынан қол созым жерде.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Қарабау маңын мекендеген Қаратоқайдың 4, Есентемірдің 2 аталықтарынан бір болыс құрылып, 16-шы ауыл аталыпты. Болысы Мақажанұлы Тасмағамбет, билігі байлығына ұласқан, өжеттігі ерлігіне сай, атышулы шынжыр балақ, шұбар төс «Итемгеннің бес бөрісінің» ұрпағы екен. Ондай сойдың тұқымы Кеңес үкіметіне қайдан жақсын, бірден қудаланыпты. Қайтып оралмасына көзі жетті ме, түрмеде жатып елдің жақсылары мен жайсандарына өлеңмен хат жазумен болыпты. Біздің құлағымызға сіңген «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген ұлағатты тәмсілі бар. Бірақ тақырыптан сәл ауытқысам да айтайын, тарих қойнауына із-түссіз сіңіп кетіп, толықтай ұмытылған адамның бірі осы Тасмағамбет. Мен біраз талпынып іздеу салдым. Еш нәтиже шықпады. Реті ұрпағы да жойылып кеткен секілді. Тек абақтыдан жолдаған «Сәлем айт Қақы мен Тәшендерге, елдегі бірге жүрген әсемдерге. Айта бар, барсаң сәлем Телемгенге, ақылдың дариясына кенелгенге» деп басталатын 50-60 жол өлеңін ғана таптым. Оны да білетіндер бұл күндері жоқ. Бір үлкен ақсақал Тасмағамбетті адайдың Тобаниязымен бірге Алматыға жеткізіп, сол жақта тез көзін жойды дегені бар. Сенбеске амал жоқ. Қарабауды қырсық шалуының басы осы шығар.

Сонымен Зайлағи ағамыздың атасы Есенұлы Қарабала (1850-1932) Қарабауда мешіт ұстаған имам, мұсылманша терең білімді, ісіне инабатты, сөзі өтімді, халыққа ықпал ететіндей беделді адам болыпты. Ақсақалға сәлем беріп, ақыл-кеңес алуға алыстан ат сабылтып келіп тұрады екен. Аса бай болмағанмен, орта дәулеті бар, әліне қарай қонақжай, жомарт атаныпты. Өз кезеңінің даму деңгейін түсінген ол, балаларына таза діни білім беріп қана қоймай, жаңаша, орысша сауат ашуына да мүмкіншілік жасапты. Ол жай сөйлейтін, байсалды, ұзын бойлы, қара торы адам екен. Өзінен кіші ауылдастары оны «кәке» деп атапты. Кәкесінің сөзі құранның хатындай мүлтіксіз орындалыпты. Ол ата қонысында ата-баба салтымен қайғысыз, бейнетсіз, мамыражай ұзақ ғұмыр кешіпті. Рулық жүйемен айтқанда он екі ата Байұлының Беріші. Беріш жеті баулы деседі. Беріштен Байбақты, Байсейіт, Байбақтыдан Себек, Есен, Бегіс, Құлкеш аталары тарайды. Байсейіттен Қитас, Тілес тарайды. Қитастан Жайық пен Есенғұл, Тілестен Қаратоқай тарайды. Сөйтіп жеті баулы Берішке кіретін аталар – Себек, Есен, Бегіс, Құлкеш,

Жайық, Есенғұл, Қаратоқай. Қаратоқайдан 4 бала – Андағұл, Байғожа (Сасыған, Аққұлы деп те аталады. Атақты Мұрат Мөңкеұлы осы ата-лақтан), Айтқожа (бұдан Андықожа, Шіндіке, Бердіке тарайды), Бөкен (негізінен Қаратоқаймен бірге туған інісі көрінеді, жаугершілікте жастай опат болып, әйелі әменгерлік жолмен Қаратоқаймен отастырылған, сондықтан артында қалған балалары Қаратоқайға телініп кеткен деседі). Андағұлдан Айтболат тарайды. Айтболаттан 5 бала болған-Бекбаулы, Есболай (белгілі тарихи тұлға, одан тараған Итемген, Көтен, Күшік, Маймен, Қоныс аталықтарында Қара, Жапарберді, Құлбарақ, Кебіс, Мырзатай секілді танымал батыр, билер жетерлік), Жолболды (Махамбеттің бажасы, Махамбеттің бассыз денесі мен ойрандалған ауылының үстінен түсіп, куәгер болған, кейін Баймағамбетті өлтіріп кек қайтарды дейтін Асаубай батыр осы аталықтан), Құттыбай, Өтебай. Бекбаулыдан Боранғұл мен Сатыбалды. Руымызды атағанда біз Қаратоқайдың Боранғұлымыз дейміз. Боранғұл Зайлағидың жетінші атасы, әзір қыз алыспаған ауыл. Боранғұлдан 6 бала – Төлеп (біздің атамыз), Төлеген, Бегімбет, Тілеулі, Тілеміс, Шәртік тарайды. Заман ағымына, өзінің жеке басының мінез ерекшелігіне байланысты Зайлағи руға мүлде мән бермеген адам. Зайлағиға арнаған «Тура жүріп таза өткен, абзал азамат...» деген мақаламда оның руға байланысты айтқан күлкілі сөздерін де келтіргенмін. Дегенмен әдейі жазылған мақала болғандықтан оның ру жігінен қысқаша да болса мәлімет беріп отырмын. Арамызда бұл күнге дейін тірі жүрсе, оның пікірі де өзгерер ме еді, кім білсін...

Сонымен одан әрі жалғастырар болсақ Төлептен 5 бала – Барлыбай, Толыбай, Әжібай, Барсай, Көшкін тарайды. Ашаршылық, репрессия, соғыс салдарынан бұл аталық та орасан зор зардап шеккен, әсіресе соңғы екеуінің ұрпақтары мүлдем жоғалып кетіпті. Біздің атамыз Барлыбайдан Есен, Көтіке Арыстан туған. Көтіке ұрпақтары Сарбаев Өтеген балалары Ақтөбе облысында, Сәуірбаев Тақан, Имашұлы Рабай балалары Орал маңында, ағайындық қатынасымыз үзілмеген, байланысымыз бар. Арыстаннан тараған Әлжанбай балалары Орал облысында, Төремұрат ұрпақтары Атырау қаласында тұрады. Олардың ішінде қалаға танымал кәсіпкер, азамат орнында жүрген қарындасымыз Төремұратова Сәлима Қазиханқызының орны бір бөлек. Есен – Зайлағидың арғы, кәрі атасы. Зайлағи осы кісінің атында. Зайлағидың әкесі Қабдырахман, атасы Қарабаладан әрі асып, Есенов болып, арғы атасына жазылуының өзіндік сыры бар. Отызыншы жылдары «халық жауы» атанып,

ел алдында «ұятты» болған Қарабала мен оның балаларының зияны тимесін деп үлкендердің ойлап талқан азғана «қулығы» екенін екінің бірі біле бермейтін.

Барлыбайдың Есенінен 5 бала болған: Оразалы, Текебай, Мекебай, Қарабала, Еркебай. Оразалы атамыздан ұрпақ жоқ, Текебай, Мекебай ұрпақтары Орал маңында. Еркебай көкеміздің әулетін жазушы Сайымжан Еркебаевтың Алматыда тұрып жатқан балалары жалғастыруда.

Қарабаладан үш ұл Қабдырахман, Ғабдолкәрім, Нұрман (шын аты Нұрмұхамбет) және екі қыз Жәміш пен Балқия.

Зайлағидың әкесі Қабдырахман, Қарабаланың үш ұлының үлкені, әке мешітін ұстап қалатын мұрагері, Орынборда, Қарғалыда терең діни білім алған танымал молда болған. Орта бойлы, толықша, ақсары жүзді, ойын тіке айтатын, тура мінезді адам екен. Зайыбы Тиын шешеміз екеуінен Зүбайда, Сүлеймен, Зайлағи, Сақыш есімді ұл-қыздары қалыпты. Бұлардың барлығы да елге танымал, айтулы азаматтар бола алды деп айта аламыз. Олар туралы бұрынғы жазғандарымда тоқталғанмын. Бұл мақаланың мақсаты Зайлағидың ата-тегінен мағлұмат беру деп айттым ғой.

Елімізде жаппай қудалау дін адамдарынан бастау алғаны белгілі. Коммунистік идея мен дін сыйыспайды деген ұранды желеу етіп, бетке ұстаған Кеңес үкіметі діни нанымға қарсы күрес жүргізіп, 1926 жылы өлкелік партия комитеті жанынан комиссия құрып, нақты шаралар белгілеп, жұмыстар жүргізді. Мұның арты мешіттер жабылып, ғимараттары қиратылып, немесе мал қораларына, қоймаларға айналғаны, ал дін өкілдері жаппай тұтқынға алынып, басым көпшілігі өмірімен қоштасқаны баршаға аян. Солардың алғашқыларының бірі осы Қабдырахман десек те болар. Бірден-ақ үстінен әртүрлі мәліметтер жинақталып, бес жыл бас бостандығынан айырып, Ақмола облысына жер аударылсын деген шешім қабылданыпты. Қабекең бұл шешімді мойындамапты. Әрине, бұл да қарсылық. Ол інілеріме, балаларыма зияным тиеді деп үйінен безіп, Қарабау өңіріндегі, Жайық бойындағы ағайындарын, қайын жұртын паналап жүреді екен. Үйіне оқта-текте түнделетіп келіп-кететін болыпты. Бірақ қуғын-сүргін бұнымен аяқталмай үнемі НКВД-ның қатаң бақылауында болыпты. Ақыры 1937 жылы тұтқындалыпты. Ол 1938 жылы Свердловск қаласының түрмесінде отырғанда өмірден озды деген хабарды кейін қасында болған адамдар жеткізіпті. Бірақ Ресей жеріне өтіп кеткендіктен бе, қанша арыздансақ

та, ол кісіге қандай айып тағылғаны, неден өлгені, қайда жерленгені жөнінде ешқандай құжат алғанымыз жоқ және ресми түрде ақталған жоқ. Бұл – талай адамдардың шерлі тағдыры әлі де ашылмай, шаң басқан сүрелердің астында жатқанының куәсі.

Ғабдолкәрім – Қарабаланың ортаншы ұлы, яғни менің әкем. Ол елге беделді, ауқатты адамның баласы, жоқшылық көрмей еркін өсіпті, жастайынан өнер-білімге бейім болыпты. Оқу іздеп әртүрлі қалаларда болыпты, ал 1916-18 жылдары Уфадағы «Ғалия медресесінде» оқыған. Бұл медресе «Жадид» әдісімен діни сабақтармен қатар математика, физика, химия, тарих және бірнеше тілдерден жан-жақты білім беретін. Әртүрлі қалаларда оқи жүре ол орыс тілін біршама меңгеріпті. Сонымен қатар білімге сусындап, оқу іздеп келген заманының алдыңғы қатарлы жастарымен, зиялыларымен таныс болып, олармен тығыз байланыс жасайды. Тартысқа толы дүбірлі заманда әртүрлі ұлт өкілдерімен араласып, пікір алмасуы оның рухани, саяси өсуіне ықпал етіп, халқына шексіз қызмет ету құштарлығын арттырады. Медреседе кейін «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш редакторы болған Мәннан Тұрғанбаев, Мәншүктің әкесі Ахмет Мәметов секілді айтулы тұлғалармен қатар оқиды. Уфаға іс сапармен келіп, медресе шәкірттерімен кездесу өткізген Ахмет Байтұрсыновпен түскен топтық суреті сақталған. Бұл күндер оның рухани өсуіне оң ықпал еткенімен, кейін шаталған кезде өзіне қарсы қызмет еткені түсінікті. 1918-37 жылдары ол Қызылқоға ауданы Қарабау, Қаракөл, Кермеқас, Қоғам деген жерлерінде ұстаздық етіпті. Қазақ тілі, тарих, жағырапия пәндерінен дәріс берген сыңайлы. Білімді, мәдениетті, мінезі жұмсақ, жағымды жас жігіт халықтың сауатын ашуда құлшына еңбек етіпті. Алайда, оның еңбегі еш кеткен сыңайлы. Сол кездегі қалыптасқан түсінік бойынша, елдегі барлық кемшілік, ал кемшіліктер көп болғанына көз жеткізу қиын болмас, байлардың, дін иелерінің ұрпақтарының қоғамға тигізген кері әсері деп ұғынушылық болған. Сондықтан олардың игі істері көрінбеді, ал, белсенділер, НКВД, үкімет мүшелері олардың соңына түсіп, жұмыстарынан кемшіліктер іздеуін тоқтатпады. Ақыры орға жықты. 1937 жылдың 22 желтоқсанында ол Қаракөл мектебінің оқытушысы болып тұрған кезінде тұтқындалып, Калмыково түрмесіне қамалыпты. Көп ұзамай әкемізді этаппен Орал қаласына жеткізген көрінеді. Әуелі оған үштіктің шешімімен 10 жыл еңбек түзету лагеріне жіберілуге кесілсе, кенеттен бұл шешім қайта қаралып, оған ең жоғарғы жаза – атуға

және дүние-мүлкін тәркілеуге үкім шығарылыпты. Оған Орынбор, Уфа қалаларында діни мектептерде оқығаны, мешіт ұстаған молда әкесі, ағасы болғаны үшін, діни, буржуазиялық, ұлтшылдық үгіт тараттың, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Қытайдың көмегімен ескі байлық құрылысты орнатуға астыртын жұмыстандың деп жалған айып тағылыпты. Үкімге үштіктің хатшысы Троцкий деген қол қойған көрінеді. Үкім 1938 жылғы ақпанның 19-ында Орал қаласында орындалыпты. Қарабалин Ғабдолкәрім 1989 жылы үкімет қаулысымен толықтай ақталды. Тек содан кейін ғана арада 52 жыл өткеннен кейін біздер – оның артында қалған анамыз Хадиша, апаларымыз Үміт пен Мүгілсін, ініміз Ғалымжан және мен – Сабыр, осы жолдардың авторы, әкеміз туралы ақиқатты бірте-бірте біле бастадық.

Қарабаланың кенже ұлы Нұрман, толық аты Нұрмұхамбет. Отызыншы жылдары әкесі, ағалары қудалана бастағанда, бұл да біраз шаталып, ескексіз қайықтай бұлғақтап, беймәлім күй кешіпті. Ақыры, бас сауғалап, Жылыой өңіріне қоныс аударып, Ақтайлақ деген жерде бірнеше жыл өмір сүріпті. Соғыс басталар шақта, ағайынның көбірек шоғырланған жеріне, Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданына жақындапты. Орта бойлы, аққұба, толықша адам болатын. Ескіше, жаңаша сауатты, ата-жік, көне әңгімелерді мейлінше көп білетін. Өте кедей тұрды. Басқару, есеп-қисап жұмысынан шетқақпайлық көрсе, мал бағу, егін салуға қырсыздық танытты. Ондай жұмыстарға құлқы да, дағдысы да болмаған-ды. Мүмкін, өз заманы өткен соң, жаңа қоғамға, қоршаған ортаға, тіпті қара басының тұрмысына да селсоқтық танытқан шығар. Бұл – шарасыздық, тағдырға мойын ұсыну. Кейін, журналист Қабижан Сағиевтің Мұрат ақынның баласы Дәулетқали туралы мақаласын оқығанымда, олардың жүдеу тіршілігінің ұқсастығы таңқалдырды мені. Тағдырлас болғаннан шығар. Бұл аластатылған, қудаланып, езілген таптың соңғы буынының ақырғы күндері болатын. Нұрман ағамыздың жасы әскерден асыңқырап кетіп, тек Орал қаласында қара жұмыста болып, міндетін өтеп қайтты. Ауыр тұрмыстың құрсауында жүрген ағамызды қырық алтыншы жылдың көктемінде Жылыойдағы інісі Сүлеймен, күйеу баласы Есмұқаш қастарына көшіріп алып, тұрмысын түзеп, аяғынан тік тұрып кетуіне көмектесіпті. Өмірінің соңында Доссорды мекендеп, 1958 жылы жетпіске таяған шағында қайтыс болды. Ұрпақтары Қызылқоға, Жылыой аудандарында тұрмыс құрып жатыр.

Зайлағидың ата-тегін баяндау барысында оның ел мойындаған сәу-лелі дін жолына түскен, ауқатты, текті тұқымнан шыққанын сондық-тан кеңес үкіметінің қырына ілігіп қуғын-сүргінге ұшырағанын көр-діңіздер. Мұндай әулеттің ұрпақтары «Бөрінің бөлтірігі» саналып, ерекше есепте, жіті бақылауда жүретініне көз жеткізу қиын емес. Ол кезде кәмпескеленген байлардың, репрессияға ұшырап «халық жауы» аталғандардың, қудаланған дін өкілдерінің балаларының оқуына әртүр-лі шектеулер қойылатын. Кейбіреулерін мүлдем мектепке қабылда-майтын немесе қосымша ақша төлететін. Мектепте де олар әртүрлі кемсітушілікке ұшырап, пәле қай жақтан келіп қалар екен деп, «сүтке тиген күшіктей» қымсынып жүреді екен. Мұндай күй Сүлеймен, Зайла-ғи ағайлардың, Үміт апайдың да басынан өткені анық. Құрбылары ком-сомолға өткенде оны «халық жауының» қызы деп бұрышқа тұрғызып қойып қорлағанын Үміт апай күні кешеге дейін жыламсырап айтып отыратын.

Зайлағидың да басынан өткен осындай бір мұнды сәтті баяндау үшін азғана шегініс жасағым келіп отыр. Ағамыз өте ерте елу төрт жасын-да дүниеден өткені белгілі. Бірер жыл ауырып емделді, ажалмен ұзақ күресті, соңғы демі біткенше өлімді аузына алған жоқ. Өзінің күрескер-лік қасиетін, қайсарлығын тағы да паш етті. Қандай қиналып жатса да, жолдастары көңілін сұрай келгенде құлпырып, өзгеріп, бұрынғыша әң-гімеге басатын. Бәріміздің де көңіліміз өсіп, марқайып, ол қазір тұрып кететіндей көрінетін. Осындай бір әңгіме кешқұрым, қара көлеңкелеу, оңаша бөлмеде Мұхамбетов Ығылман екеуінің арасында болып еді. Бұлар іргелес көрші, замандас, сыйлас, сырлас адамдар болатын. Кейін Ығылманның баласы Самат Зәкеңнің қызы Гүлназға үйленіп бұл ау-ылдар туған құда болысты. Бірақ Зәкең бұл қызықты көре алмай кетті. Зайлағи бұл әңгімесін жүрегін жаралаған бір сәтсіздік ретінде мұнды кейіпте, өкпе-назын шаққандай асықпай тебірене баяндап еді. Елуінші жылдардың басы, оның Мәскеуден оқу бітіріп келген кезі болса керек. Армандаған дипломы қолына тиген білімді инженер, заманының та-лабына сай ел игілігі үшін қызмет етуге құлшынып тұрған жас маман. Өзі қарайлас өрімдей 5-6 жігіт бірігіп партия қатарына өтуге дайын-далыпты. Занды талпыныс, заман талабы, ол кезеңнің түсінігі бойын-ша партия қатарына халқына қалтқысыз қызмет ететін алдыңғы қатар-лы адамдар топтасатын. Шынында да солай болғаны рас. Оның бүкіл азаматтық-адами болмыс-бітімі әрдайым елдің игі жақсылары жинал-